БЕКІТЕМІН
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ басқарма төрағасы-ректоры
_____ Наметов Ж.М.
«05» _____ 2025 ж.

БӨЛІМ ЕРЕЖЕСІ

БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ

СМЖ.07.БЕ.06.

№ 08 басылым

№ ___ дана

Дайындалды: 02.09.2025 ж. Алмагамбетова М.Ж.	Келісілді: 04.09.2025 ж. Губашев Н.М. Ихсанов Е.Б.	Енгізілді: 08.09.2025 ж. СМЖ.07.БЕ.06. 07.09.2022 ж. орнына Қайта қаралуы: 08.09.2028 ж.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Құрылымы мен штаты
3. Мақсаты мен негізгі міндеттері
4. Қызметтері
5. Құқықтары
6. Жұмысты ұйымдастыруы
7. Басқа бөлімдермен өзара қарым-қатынасы
8. Жауапкершілігі
9. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			ТАӘ	Қолы

1. Жалпы ережелер

1.1. Білім беру менеджменті және мониторингі басқармасы (бұдан әрі – ББМжМБ) – білім беру процесін басқарудың тиімді жүйесінің жұмыс істеуін және университетте білім беру қызметінің инновациялық бағыттарын, әдістері мен нысандарын дамытуды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімше.

1.2. ББМжМБ университет басқармасының тиісті шешімі негізінде Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен құрылады және таратылады.

1.3. Өз қызметінде ББМжМБ ҚР «Білім туралы» Заңын, ҚР ҒЖБМ нормативтік құжаттарын, университет Жарғысын, университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімдерін, ректордың бұйрықтарын, ИСО 9000 сериясының стандарттарын, университеттің ішкі құжаттарын және осы Ережені басшылыққа алады.

1.4. Тікелей басшылықты тәжірибелі доценттер арасынан келісімшарттық негізде басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын ББМжМБ-ң басшысы жүзеге асырады.

2. Құрылымы мен штаты

2.1. Басқарманың құрылымы мен штаты ректордың бұйрығымен бекітілді.

2.2. Штаттық құрамы:

- басқарма басшысы – 1 бірлік
- жетекші сарапшы – 3 бірлік
- сарапшы – 1 бірлік

3. Мақсаты мен негізгі міндеттері

3.1. ББМжМБ мақсаты – университетте білім беру процесін басқарудың тиімді жүйесін әзірлеу, енгізу және қолдау болып табылады.

3.2. Негізгі міндеттері:

– білім беру сапасының менеджментін дамыту және жақсарту;

– білім беру сапасын қамтамасыз етуге бағытталған университеттің құрылымдық бөлімшелерінің іс-қимылдарын үйлестіру;

– сыртқы бағалаудың критериалды көрсеткіштерімен білім беру процесінің жоғары оқу орнішілік жүйесінің көрсеткіштерінің сәйкестігін қамтамасыз ету;

– мониторинг бойынша іс шаралар жүйесін жүзеге асыру және оның нәтижелерін, білім беру процесін жетілдіру бойынша басқарушылық шешімдер қабылдау үшін, пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету;

– университеттің білім беру қызметтерін, процестерін және басқару жүйелерін жұмыс күйінде ұстау және оның сапасын үнемі жақсарту;

– барлық бөлімшелердің қызметін талдау және бағалау, СМЖ талаптарын ішкі және сыртқы бақылау бойынша ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асыру;

– университеттің инновациялық инфрақұрылымын және инновацияларды басқару жүйесін қалыптастыруды ұйымдастырушылық-аналитикалық қолдау;

– Ғылыми Кеңестің қарауына қызметтердің, процестердің және басқару жүйелерінің сапасын талдау және бағалау нәтижелерін ұсыну.

4. Қызметтері

4.1. Білім беру процесін ұйымдастыру және жетілдіру бойынша нормативтік құжаттаманы әзірлеу.

4.2. Университеттің стратегиялық мақсаттарына жету және миссиясын жүзеге асыру үшін түзету шараларын жоспарлау, ұйымдастыру және мониторинглеу.

4.3. Модульдік, құзыреттілік және практикаға бағытталған оқыту қағидаттары бойынша оқу процесін жаңартуға бағытталған әкімшілік-басқару қызметін іске асыру.

4.4. Оқытушылардың, қызметкерлер мен білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыру процесін іске асыру бойынша құрылымдық бөлімшелермен ақпараттық-әдістемелік және көмекші жұмыс жүргізу.

4.5. Университет туралы статистикалық есепті деректерді жинау және дайындау.

4.6. Институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден өту бойынша университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру.

4.7. Білім беру процесінің барлық қатысушыларының (білім алушылар, ПОҚ, жұмыс берушілер және т.б.) білім беру процесінің әртүрлі тараптарымен қанағаттануының мониторингін, олардың әлеуметтік көңіл-күйі мен әлеуметтік шындыққа қатынасын, сондай-ақ әлеуметтік шындықтың әртүрлі салаларындағы белсенділіктерін ұйымдастыру және бақылау.

4.8. Университеттің білім беру қызметтерін ішкі және сыртқы тұтынушылардың қанағаттану мониторингінің нәтижелерін өңдеу және талдау.

4.9. Білім беру бағдарламалары бойынша Академиялық/Кіші комитеттердің және институттардың Білім беру сапасын қамтамасыз ету Комитеттерінің қызметтерін үйлестіру және басқару, институттардың/факультеттің оқу-әдістемелік жұмысын үйлестіру.

4.10. Білім беру процесі субъектілерінің қызметін стратегиялық жоспарлау, аккредиттеу және бағалау жүйесі мәселелері бойынша ПОҚ, әкімшілік-басқарушылық, оқу-көмекші қызметкерлер үшін оқыту семинарларын өткізу.

4.11. Университеттің СМЖ-ң тиімді жұмыс істеуіне және тұрақты жақсаруына жәрдемдесу.

4.12. Университетте білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жоспарлау мен басқаруды әзірлеу, іске асыру және қамтамасыз ету.

4.13. Университетте білім беру процесінің мониторингін ұйымдастыру.

4.14. Университетте білім беру қызметтерін көрсету бойынша білім беру процесіне қатысушылардың қызмет көрсеткіштерін бағалауды жүргізуге жәрдемдесу.

4.15. Білім беру бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарларын, элективті пәндер каталогын, оқу-әдістемелік кешендерді, оқу-әдістемелік құралдарды, дидактикалық материалдарды әзірлеуді ұйымдастыру.

4.16. Оқу процесіне заманауи оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді автоматтандырылған оқыту жүйелерін, ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін, ақпараттық-кітапханалық жүйелерді енгізу.

4.17. Озық педагогикалық тәжірибені жалпылау және тарату, білім беруді ақпараттандыру бойынша іс-шаралар өткізу.

4.18. Университетте білім беру қызметінің инновациялық бағыттарын, әдістері мен нысандарын дамыту бойынша іс-шараларды әзірлеуге, ұйымдастыруға және өткізуге қатысу.

4.19. Білім беру қызметін инновациялық-әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыру.

4.20. Инновациялық білім беру технологияларын және оларды университеттің оқу процесіне енгізу мүмкіндігі талдау.

4.21. Оқу процесінің оқу әдебиеттерімен және әдістемелік әзірлемелермен қамтамасыз етілуіне мониторингті жүзеге асыру.

4.22. Оқыту сапасын бақылау және талдау.

4.23. Менеджмент жүйесіне талдау жүргізу және СМЖ-ң жұмыс істеуі және оны жақсарту қажеттілігі туралы жоғары басшылыққа есептер ұсыну.

4.24. Білім беру қызметтеріне тұтынушылардың талаптарын барлық бөлімшелерде түсінуді таратуды қамтамасыз ету.

4.25. Сапа менеджменті жүйесінің сұрақтары, инновациялық технологиялар мәселелері бойынша бөлім басшыларын жоғары оқу орнышілік курстарда оқыту және күнделікті қызметте әдістемелік көмек көрсету.

4.26. ҚР ҒЖБМ және ҚР АШМ сыртқы нормативтік құжаттамасының өзгеруіне байланысты СМЖ-ң ішкі құжаттамасын жетілдіруді және өзектендіруді қамтамасыз ету.

4.27. Ішкі нормативтік құжаттардың жобаларының СМЖ талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізу.

4.28. Мемлекеттік тапсырыс алуға ҚР ҒЖБМ-ң Байқауына университеттің өтінімін беру үшін бакалавриат, магистратура, докторантура білім беру бағдарламаларының топтары бойынша Ақпараттық карталарды дайындау.

5. Құқықтары

5.1. ББМжМБ өкілеттігін басқарма басшысы жүзеге асырады, ол оның лауазымдық нұсқаулығымен айқындалады.

5.2. Басқарма құқықты:

– барлық бөлімшелерден жұмыс істеу үшін қажетті ақпараттарды сұратуға;

– ішкі нормативтік құжаттардың сапасына сараптама жүргізуге;

– оқу-әдістемелік, инновациялық қызметтің жұмыс істеу процесін бақылауға және бөлімшелерде СМЖ жақсартуға;

– Ғылыми Кеңестің қарауына қызметтерді, процестерді, СМЖ жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге;

– қызметкерлерді сапалы жұмысы үшін көтермелеуге және СМЖ талаптарын бұзғаны үшін сөгіс беру шараларын ұсынуға.

6. Жұмысты ұйымдастыру

6.1. ББМжМБ өз қызметін осы Ережеге сәйкес және университеттің стратегиялық дамуын жүзеге асыру жөніндегі, басқарманың жоспарлары негізінде жүргізеді және Ғылыми Кеңестің отырыстарында өз қызметі туралы есеп береді.

6.2. Қызметкерлер арасындағы міндеттерді бөлу лауазымдық нұсқаулықтар негізінде олардың өзара алмастырылуын ескере отырып жүзеге асырылады: басшы, жетекші сарапшы, сарапшы.

6.3. Басқарма құжаттаманы бекітілген істер номенклатурасына сәйкес жүргізеді.

6.4. Басқарма оның қызметін жүзеге асыру үшін барлық қажетті ресурстармен қамтамасыз етіледі (бөлме, жиһаз, ұйымдастыру техникасы және т.б.).

7. Басқа бөлімдермен өзара қарым-қатынасы

ББМжМБ университеттік СМЖ шеңберінде білім беру және ғылыми-техникалық қызметтердің, жетекші, негізгі, көмекші инновациялық-әдістемелік процестердің жұмыс істеуі және оларды жетілдіру мәселелері бойынша барлық бөлімшелермен өзара қарым-қатынаста жұмыс жасайды.

8. Жауапкершілігі

Басқарма қызметкерлері жауапты:

8.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған шектерде лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін.

8.2. Өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған шектерде.

8.3. Материалдық залал келтіргені үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған шектерде.

9. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. №414-V.

ҚР «Білім туралы» Заңы (өзг. мен толық.).

ҚР «Ғылым туралы» Заңы 18.02.2011 ж. №407-IV.

ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы 11.07.1997 ж. №151.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы 18.11.2015 ж. №410-V.

ҚР-да жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, ҚР Үкіметінің 28.03.2023 ж. №248 қаулысымен бекітілген (өзг. мен толық.).

ҚР БҒМ 20.04.2011 ж. №152 бұйрығы. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы (өзг. мен толық.).

ҚР БҒМ 29.11.2007 ж. №583 бұйрығы. Оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесі.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы, 29.12.2023 ж.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Жарғысы.

ҚР СТ ИСО 9001-2015. Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар.

СМЖ.08.ҚЕ.28. – Академиялық саясат.

СМЖ.08.ҚЕ.06. – Университеттің ішкі тәртіп ережесі.